

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚХА және ӘГП кафедрасы**

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы:

**«ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ. ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПӘНІ МЕН
ӘДІСТЕРІ»**

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Ойлау мәдениеті. Философия – даналыққа күштарлық. Философия және дүниетаным. Мифология, дін және философия.
2. Философияның негізгі бөлімдері: онтология, гносеология, философиялық антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтік философия, аксиология.
3. Философияның әдіс-тәсілдері.
4. Философия және фәлсафа. Фәлсафа дәстүріндегі ғылым мен дін мәселелерін шешу жолдары.

Философия- адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Кез келген адамды әлем, қоршаған орта, қоғам, дін, білім, саясат, мәдениет мәселелері бей-жай қалдырмайтыны айдан анық. Міне, іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылады. Философия сөзі грек тілінен аударылғанда – даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді. Б.з.д. 7-6 ғғ. Ежелгі Үнді, Қытай және Грек жерлерінде бір уақытта пайда болады. Мәліметтерге сүйенсек, «философия» сөзін алғаш рет қолданған Антика дәуірінің атақты философы және математигі Пифагор.

Кез келген халықтың дүниетанымдық көзқарастары мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде рухани құндылықтардың орны ерекше әрі маңызды. Ал өз кезегінде ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік ұстанымдары, пайым-парасаты да осы құндылықтарға байланысты қалыптасып дамиды.

Жалпы, қандай да бір халықтың ұлттық ойлау жүйесін, ұлттық дәстүр бастауын анықтауда ең алдымен сол халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі негізінде қалыптасқан әдет-дағдыларынан бастап, мифологиялық дүниетанымына ден қойған жөн. Себебі, адамзат баласының дүниеге көзқарасы, танымының даму тарихы үш сатыдан өтеді. Олар – миф, дін және философия.

Философия дүниегекөзқарастың бір түрі. Дүниегекөзқарас – дүние туралы және адамның әлемдегі орны жайлы пікірлер жиынтығы. Тарихи тұрғыда қарайтын болсақ, дүниеге көзқарасы. Дүниегекөзқарас үш негізгі типтен тұрады: мифологиялық, діни, философиялық.

Мифология – әлемді фантастикалық және ақиқат жағдайда түсінетін қоғамдық сананың бір түрі. Мифологиялық туындылар әлемінің қалыптасуы, жер, адам, тіршілік, өмір және өлім секілді мәселелер көп кездеседі. Мифтің ерекшелігі: табиғат құбылыстарына жан бітіру, фантастикалық құдайлардың болуы, олардың қарым-қатынасы, адамзат баласымен араласуы т.б.

Дін – бәрінен жоғары жаратушы күшке және оның қоршаған орта мен адам баласына әсері бар деп есептейтін сенім - нанымға негізделген көзқарас формасы. Діннің мифологияға ұқсастығы бар: әлемнің пайда болуы, жер бетіндегі тіршілік, адамның іс - әрекеті туралы адамгершілік - этикалық мәселелерді алға қояды. Қоғамды игі істерге шақыруда: мәдениеттің қалыптасуына әсер етуімен қатар адам баласын сыйласымдылыққа, әділеттілікке, төзімділікке тәрбиелеп, өзіндік парыз мәселесін түсіндіруде діннің атқарар маңызы ерекше.

Философия – дүниегекөзқарастың ғылыми-теориялық түрі. Философиялық көзқарас мифологиялық және діни көзқарастан айырмашылығы – нақты ұғымдарға категорияларға сүйене отырып логикалық ой қорыту ерекшелігінің бар болуы. Философия даму барысында үш кезеңнен өтті: космоцентризм, теоцентризм, антропоцентризм.

Космоцентризм - әлемді түсіндіруде ғарыштың шексіз сыртқы күшін қолдана отырып, ой тұжырымдау.

Теоцентризм - барлық тіршілік атаулыны жоғары жаратушы күш-Құдай арқылы түсіндіру.

Антропоцентризм - негізгі орталық мәселесі адам болып табылатын философиялық көзқарас.

Философия пәнінің зерттейтін сұрақтары: болмыстың өмір сүру жағдайы, материя, оның формалары, сана және санасыздық, адам, оның өмірдегі мәні мен әлемдегі алатын орыны, жан, адамның рухани өмірі, қоғам, табиғат, өркениет, экология, дүниені танып білу, қозғалыс, диалектика және оның заңдары.

Ф. Энгельстің тұжырымдауы бойынша философияның негізгі сұрағы – ойлаудың (сананың) болмысқа, рухтың материяға (табиғатқа) қатынасы. Міне, осы мәселеге байланысты қоршаған орта мен адамның әлемдегі алатын орыны айқындала түспек. Философияның негізгі пәні мен объектісі - адам және оның әлемдегі орны.

Философия пәні келесідей негізгі құрылымнан тұрады: онтология, гносеология, антропология, аксиология, этика, логика, эстетика. *Онтология* дегеніміз - болмыс мәні, болмыстың шығуы, жалпы болмыс туралы ілімді зерделейтін бөлім. *Гносеология* - таным ерекшеліктерін, танушы субъектің таным үрдісіне ықпалы және оның нәтижелерін, таным шектілігі мен шексіздігі, дүниені танып-білу мүмкін бе, адам танымның қабілеттері, адам дүниені қалай таниды, ақиқат дегеніміз не, таным түрлері, жалпы таным туралы ілім болып табылады. Ақиқат - гносеологиядағы негізгі категория.

Антропология - адам туралы ілім, яғни адам, оның тіршілігі, тіршілік мәні, адамның рухани өмірін қарастыратын бөлім: адамның өмірі мен табиғаты, антропогенез, адам санасы, мәні, адамның рухани дамуы, адам өмірінің мәні, жоғарғы моральдық құндылықтар, бір сөзбен, философиядағы адам туралы ілім. *Құндылық (аксиология)* туралы жалпы түсінік ХІХ ғасырдың ортасында пайда болған. Бұл адамның өзін қоршаған материалдық және рухани дүниесін осы құндылықтар арқылы бағалауымен астасып жатқан, өмірді және қоғамдағы қарым-қатынасты бағалай білушілік, адам баласының өмірге деген құштарлығының жағымды жақтары, яғни мәдениеттің құрамдас бір бөлігі.

Этика - мораль туралы ілім, яғни қоғамда қабылданған ереже-тәртіп нормаларын ұстану. Қалыптасу, даму тарихы ежелгі грек ойшылы Аристотель шығармашылығымен байланысты: әсемдікке, сұлулыққа, ізгілік, мейірімділік ұғымдарымен байланысты болған. *Логика* - ойлау заңдары туралы ілім, яғни дұрыс ойлаудың заңдары және ережелері туралы ғылымды айтамыз. Логика адам баласының рухани болмысының ең жоғары формасы деуге де болады. Бұл ұғым да гректің «ойлау, түсіндіру», «ақыл, ой» сөздерінен шыққан. *Эстетика* гректің «сезіну, сезімдік» сөзінен шыққан. Адамның дүниені талғампаздықпен ұғынуы, қабылдауы, яғни сұлулықтың заңдары мен ережелері туралы ілім.

Әлеуметтік философия – қоғамды ерекше құбылыс ретінде ала отырып, оның мән-мазмұнын саралайтын бөлім. Яғни қоғамды тереңінен зерттеп, заңдылықтарына сүйеніп, жоғарыда аталып өткен бөлімдермен тығыз байланыста адамның дүниеге деген қарым-қатынасының мәнін ашу – негізгі мазмұны болып табылады. Демек, қоғамтану - әлеуметтік философияны оқытудағы негізгі пәні саналады. Келесі бір бағыты - саяси философия. Философияның бұл бөлімі саясат мәселесін зерттеуде оның теориялық әдіснамалық, дүниетанымдық және құндылықтық негіздеріне сүйенеді.

Диалектика (гр. Diologomai – әңгімелесу, пікірлесу) – объективті шындықтың, табиғаттың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылықтарын зерттейтін ілім. Антика дәуірінің өзінде - ақ дүниенің, тіршіліктің өзгермелілігін мойындап, шындық атаулыны үнемі дамып, өзгеріп отыратын процесс ретінде қабылдады. Осы жағдайларға байланысты кез келген нәрсенің бірлігі мен қарама-қайшылықтар күресінің қатынасын көрсетуде диалектиканың маңызы зор.

Метафизика – заттар мен құбылыстар бір - бірімен байланыссыз, қозғалмайтын, мәңгі - бақи бір қалыпты, ішкі қайшылықтары жоқ деп есептейтін философиялық ілім (сөзбе - сөз аударғанда – «физикадан кейінгі келетін» мағынасын білдіреді).

Әдетте, қоршаған орта, табиғат құбылыстары арқылы дүние сырын, тіршілік-тұрмыс мәнін, адамның өмірдегі орнын, оның өткені мен бүгінгісін, болашағын тану басталады. Осыдан ата-баба дәстүріндегі ойлау қабілетінің көкжиектілігі дегеніміз көз алдымыздағы кеңістік көрінісін бар болмысымен сезіну арқылы, көсілген кең жазық, ұлан-ғайыр дала, туған жерінің шексіз уақыт пен кеңістік әлемінде дүние болмысын барынша тұшыну. Бұл - талай ұрпақ тағдыры, ұрпақтар арасындағы жалғастық адам өмірінің мәнісі болып табылатын рухани жетістіктер.

Ойлау қабілетінің көкжиектілігінің дүниетанымдық түсінігінің маңызы туған жердің ұлан-ғайыр уақыт пен кеңістік әлемінде жалпы дүниенің тіршілік-тынысын сезіну, жаратылыс әлемінің тылсым сырын жете танып-түйсіну. Осы негізде ата-бабаларымыз сөз өнер шеберлігін шырқау шыңға көтерген, қашан да байқампаздық пен білімдарлық, жан-жақты терең ойшылдықтың ғаламат үлгілерін дарытқан. Бұндай дүниетанымдық үлгілердің философиялық мәні дүние болмысының адам санасында бейнелеуі арқылы рухани байланысын тапқан.

Дүниетанымдық - өмір өрісінің ақиқаттылығын ашу «философиялық мәнде нағыз өмірмен өзектесіп жатқан дүние шындығының астарлы ауқымы мейлінше қомақты. Ұлы дала төсінің келбеті арқылы ұлттық болмыс, қадір-қасиет, дарын-қабілеті өрісін ашып, сөз өнерінің мән-мазмұнын «нұрландырып», дүниетаным тіршілігінің өзіндік ерекшелігін айқындаған. Жалпы рухани жан байлығы, терең ойшылдық, көкірек-көзімен сезе білу қабілеті ұлттық ой, көркемдік сананың талай ғасырларға ұласар ұлан-ғайыр өрістерін көрсетіп берген. Бұдан мейлінше сезім әсерімен байытылған, шабыттанған рухани ізденістер, өмір тәжірибесін аңғаруға болады.

Таным өрісінің кемелденуі ойдың тереңдеп бойлауымен көкірек сезімін оятып, қазақи ойлау үрдісінде ғаламат баламаларды, теңеулерді, әсірелеу, бейнелеп, жұмбақтап жеткізу үлгілерін өмірге әкелген. Дала ақылмандарының «жалынды жүрегі», өмір шындығын саралап түсінуге талпынған «күдіретті көңілі» замана ағымымен орайлас өз мазмұнын тапқан. Мұның бәрі логикалық ой ауқымы арқылы ғана өрістеп, қорыта отырып топшылау, пайымдау, ұғыну, ой-санамен көре білу арқылы дұрыс бағыт-бағдар табуға мүмкіндік бергендігін айғақтайды.

Табиғаттың шексіздік сипаты ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігіне орайлас таным-түсінікте келер ұрпақпен өзінің рухани жалғастығын тапқан еді. Ізденіс өрісімен өзектесіп, өріліп, мазмұн-мағынасы тереңдей түскен адамзат ұрпағының арман-мұраты даналықтың рухани негізімен сабақтас. Даналықтың рухани негізі бұл өз кезегінде көрегендік, жітілік, қанатты қиял, туған жерге, табиғат әлеміне деген сүйіспеншілік қатынасы тұрғысындағы дүниеге танымдық көзқарасы. Бұл тіршілік-тынысының мән-мағынасы ретінде көрінетін біртұтас таным үрдісі арқылы дүние сыры жан-жақты ашылады. Әрі дүние сырын даналардың әрқайсысы өз көзқарасы тұрғысынан бейнелеген.

Ғалам көрінісінің ғажайып жұмбақ-сырларын, заңдылықтарын жан-жақты игеру жолында ақыл-ой, парасат, білім ұғымдары жаңа белестерге көтеріліп, рухани құтхананың қайнар бастауының сенімді серігі, рухани демеушісі болған. Адам рухы жалпы дүние болмысының, жаратылыс құбылыстарының төл қасиеттерімен арақатынаста үндестік, үйлесімділік тапқан. Жарасымдылық немесе үйлесімділік, үндестік – бұл табиғат дүниесі мен адам баласының өзара бітеқайнасқан, бірегей бірлестігінен туған рухани байланысы. Адам мен табиғат ұштастығы өрісі танылған, рухани әсерлігі тереңінен сезілген белгілі бір мақсат-мүддеге, нақтылы даму заңдылықтарына сүйенген еркіндік қатынасы өрісінде болды.

Уақыт өткен сайын ұлттық мәдениетіміздің белгілі бір дәрежеде жеткен биігі, ойға салар тұстарын ақыл таразысына сала отырып, тың айбын, асқақ рух дарытқан рухани үздік мұралардың ізденіс өрісін демеуші рухани күдірет-қуатқа айналдырылды. Халық ұғымындағы ізгілік арманы, жер игілігін көксеген көкейтесті тілегі талай замандар бойы ауыз әдебиетінің асыл қазыналары – ертегі-аңыз, толғау-жырлардың арқауы болған. Бұл адамзаттық мұрат мүддеге қалтықсыз берілген адалдық, адамгершілік асқақ рухымен тереңінен астасып жатыр. Осы асқақ адамгершіліктің ғибадаттық тағылымы кейінгі ұрпақтың рухани игілігіне айналдырылған.

Бұл дүниелердегі ой-толғамдар, негізінен жалпы адамзат баласының тарихи дамуында құтты болашақ идеясынан қуат алған. Ойлау мәдениетімізде ұлағатты дәстүрден бастау алған үлгілі саңлақ ой - салиқалы зерделеу сарындарымен халқының игілігіне айналған батагөй, ақылгөй танымдарымен әдебиет, өнер, философия тарихында алатын рөлі зор демекпіз.

Фәлсафа мен философияның негізгі бұлақ көзі бір, сенім мен таным проблемелары туралы тұжырымы ортақ болғанымен өзіндік көзқарастар тұрғысынан ерекшеленеді. Орта ғасыр дүниетанымымен байланысты, жаңа заманға дейін философия тарихында өзіндік орны бар ілімді ғылымда фалсафа деп атау дәстүрі қалыптасқан. Өкілдері - негізінен мұсылман елдерінен шыққан ойшылдар тобы еңбектерін араб тілінде жазған.

Сайып келгенде, түрлі ұлт өкілдері болғандықтан өз діліне байланысты ойлау ерекшелігі қалыптасатындығы шынайы көрініс. Белгілі философ Ғ.Есім «фәлсафа» философия дегеннің арабшаланған түрі деген ойын білдіреді. Орта ғасыр мәдениетінде жетекші рөлде араб тілі болған себепті, сол дәуірдің рухани өмірі басында да осы тіл тұрса керекті, яғни халықаралық тілдің рөлін атқарса керек. «Фалсафа ілімінің қандай өкілі болмасын, мұсылмандыққа қарсы шықпаған, қайта керісінше, әлемдік мәдениет үлгілерін, әсіресе, философтарды мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан қарап, соған оры бейімдеген... Фалсафаның мұндай күйде болуының табиғи-тарихи қажеттілігі болды.

Араб халифтері және елдің зиялы қауымы мұсылман мәдениетінің, өнерінің деңгейін жоғары көтеру қажеттілігін түсінді... Ертеректе ислам дінін қылыштың жүзімен, білектің күшімен жер-жерге зорлап енгізсе, келе-келе бұл тәсілдің өміршең еместігін халифтер, олардың кеңесшілері түсіне бастады. Ендігі жерде әлемді меңгерудің жолы ғылым, өнер, білім, философия екенін түсінген халифтер осы салалардың өрбіп-өсуіне бар мүмкіндіктерді жасай бастады. Осындай саясаттың негізінде араб тіліндегі философия пайда болды, ол тарихта «Фәлсафа» деген атпен қалды... фалсафа антикалық философияны араб тілінде, мұсылмандық дүниетаным негізінде қайта жандандырған».

Философия адамзат баласының жан-жақты өмір тәжірибесімен тығыз байланыста. «Философия - айқын және парасатты ғылым. Философия мәселе туралы терең толғанудан, сол мәселені жан-жақты қарастырудан, мұқият бағалай отырып сынаудан тұрады. Бұл жерде ең бастысы - ақыл-ой, өйткені біз адам көңілінің құбылуы туралы емес, логика жайында айтып отырмыз». Қазіргі таңда қоғамдық сананы модернизациялау, яғни рухани жаңғыруда ұлттық рухани дүниетанымға деген сұраныс белең алуда. Өйткені, көптеген көкейтесті мәселелерге, өмірлік ұстанымдарға жауап ретінде тек философияның жауапкершілікпен ой салуға қауқары бар екендігі хақ.

Сол себепті күн тәртібінде тұрған ең басты мәселеге баса назар салар болсақ, бұл – өскелең ұрпақ, жастардың рухани жаңғырудағы сұраныстарын, рухани ізденістерінің орнын толтыруға деген бағыт-бағдар.

Негізгі мақсат – қазақ философиясын, төл тарихымызды, бабаларымыздың рухани өмір салтын, дүниеге көзқарастық идеяларды зерделей келе, бәсекелікке қабілетті, прагматикалық, ұстамдылық, радикалды идеологияға төтеп беретін рухани дүниесі бай ұрпақтар тәрбиесі болып табылады.